

ҚЫПШАҚ ТІЛДІ ЕСКЕРТКІШТЕРДЕГІ СӨЗЖАСАМНЫҢ АНАЛИТИКАЛЫҚ ТӘСІЛІ

Бірсыпыра түркі тілдерінің, оның ішінде қазақ тілінің түп бастауы – қыпшақ тілі екендігі мәлім. Қыпшақтардың әлемге әйгілі болып дәуірлеген кезеңі XII–XIV ғасырлар екендігі тарихшылардың еңбектерінде үнемі көрсетіліп келеді. Зерттеуші-ғалымдар қыпшақ тілдерін *көне қыпшақ тілі* және *тірі қыпшақ тілі* деп екіге бөліп қарастырады. Көне қыпшақ тілі Дешті қыпшақ даласын мекендеген ру-тайпалардың тілі, ол Алтын Орда мемлекетінің ресми тілі болған деп көрсетіледі.

М.Томанов қыпшақ тобындағы тілдердің оғұз,

қарлұқ тілдерінен айырмашылығын былайша көрсетеді:

- 1) 8-9 дауысты дыбыстың қолданылуы;
- 2) аффикстер құрамында еріндік дауыстылар айтылмайды. Бұл ерекшелік қыпшақ тілдерінің барлығын дерлік қамтиды;
- 3) сөз құрамында дауыстылардың еріндік үндесуі өте әлсіз;
- 4) созылық дауыстылар жоқ;
- 5) көне түркі жазбалары тіліндегі ғ, г мен дауыстылар тіркесіне олардың жана тіркестері: *ағ>ав/ /ау, оғ>ув //ый, //ыу//ой, еғ>ев//уй//ей, әғ>үй//үү,*

ығ>уғ//ый, уғ>уғ//уу//ұ//ы т.б. қолданылады;

6) көптеген тілдерде сөз басында айтылатын **п** қатаң дауыссызының орнына ұяң **б** дыбысы қолданылады, бірақ жіктеу есімдігінің I жағы **м** дыбысымен *мен* түрінде айтылады;

7) сөз басында қатаң **т, қ, к** (**д, ғ, л** орнына) дауыссыздары жиі айтылады;

8) сөз басында **и, дж, ж** дыбыстары жарыса қолданылады;

9) сөз ішінде екі дауысты арасында **п, қ, к** дыбыстары ұяңданып, **б, ғ, г** түрінде дыбысталады.

Ал қазақ тілінің қарақалпақ, ноғай тілдерімен жақындығын былай көрсетеді:

1) басқа түркі тілдерінде (мысалы, қарлұқ тілдерінде) айтылатын **ч** аффрикаты жоқ, оның орнына ызың дыбысты **ш** қолданылады;

2) көрші дауыссыздың әсерімен **м, б, п** дыбыстары бірінің орнына екіншісі айтыла береді, **м** дыбысы **б, п** дыбыстарына ауысады;

3) көрші дауыссыз әсерімен **н** дыбысы **д, т** дыбыстарына ауысады» [2, 4]. Қыпшақ тілді ескерткіштердің жазылған уақыты XI–XVII ғасырлар аралығын қамтиды.

Біздің мақаламыздың зерттеу нысаны қыпшақ тілі ескерткіштеріндегі (Кодекс Куманикус, Әбу Хайан «Китаб ал Идрак ли-лисан алатрак», Құтып «Хұсрау Шырын», «Әл қауаниин» және Қадырғали Жалайырдың «Жамиғат ат тауарих» пен Әбілғазының «Түркі шежіресі») сөзжасамдық жүйенің аналитикалық тәсіліне қатысты болмақ.

Зерттеуші ғалымдардың көрсетуінше, көне жазба ескерткіштер тілінде жаңа сөздер жұрнақ арқылы, сөздердің тіркесуі арқылы немесе бір сөздің бірнеше мағынада қолданылуы арқылы жүзеге асқан, яғни сөзжасам жүйесі көне дәуірлердің өзінде белгілі бір тәсілдер арқылы берілген. Жалпы тіл білімінде сөзжасам жүйесіне мынадай анықтама берілген: «Сөзжасам – жаңа сөз жасаушы морфемаларды зерттейді. Сөзжасам да, морфология да сөз құрамын зерттейді. Екеуінде де сөздің құрамы негізгі морфема мен көмекші морфемадан тұрады. Айырмашылық көмекші морфеманың мағынасы мен қызметіне қатысты. Сөзжасамдық жұрнақ сөз мағынасын өзгертіп, жаңа мағына береді, не сөз мағынасына өзгеріс қосады. ... Сөзжасам негіз сөзден туынды сөздердің, яғни туынды түбірлердің жасалу жүйесін зерттейді» [1, 194]. Қысқаша айтқанда, сөзжасам саласының зерттейтін негізгі нысаны – туынды сөздер. Туынды және күрделі сөздердің пайда болуының негізгі тәсілдері ретінде *синтетикалық, аналитикалық және лексика-семантикалық*

тәсілдер аталады.

Аналитикалық тәсілде екі немесе одан да көп сөздердің бірігуінен жаңа мағыналы сөз пайда болады. Яғни бұл тәсіл арқылы пайда болған сөз күрделі сөз деп аталатыны мәлім. Күрделі сөз болу үшін кем дегенде екі лексема қатысуы керек.

Зерттеушілердің көрсетуінше, қазіргі қазақ тіл білімінде аналитикалық тәсілдің төрт түрі бар: 1) сөзқосым, 2) қосарлау, 3) тіркестіру, 4) қысқарту [1, 205].

1) Сөзқосым. Аналитикалық тәсілдің сөзқосым түрінде екі не одан да көп сөз біртұтас дыбыстық құрамға кірігіп, бір ұғымды білдіретін бір лексемаға айналады. Сөзқосым тәсілі арқылы жасалған сөздер біріккен және кіріккен сөздер деп аталады. Біріккен және кіріккен сөздердің ережелері тіл білімінде былайша көрсетілген: «Біріккен сөздердің ішкі сыңарларының әрқайсысы өздерінің жеке тұрғандағы дыбыстық құрамын толық сақтайды: *қолбасы, таусағыз, бойтұмар*. Бірақ біртұтас лексикалық мағынаға көшеді. Кіріккен сөздердің құрамындағы сыңарлардың дербес дыбыстық құрамы толық сақталмай, олар біртұтас жымдасқан дыбыстық құрамға көшеді: *білезік – білек+жүзік, атар – алып+бер* [1, 205].

Қыпшақ тілді ескерткіштер мәтінінде аналитикалық тәсілдің сөзқосым түрімен жасалған мынадай сөздер ұшырасады:

а) Біріккен сөздер: *бозқуш* (боз+құс) – түсі ақшыл құс, *деуекұш* (түйе+құс) – ірі құстың бір түрі, *күнтуғмыш* (күн+туу) – күн шықты, *саптұр* (сап+тұр) – тыныш тұр, *бойшеткен* (бой+жеткен) – бойжеткен, *икітбет* (жігіт+бет) – келбетті, әдемі жігіт, *сарышағ* (сары+жак) – сары май, *қарақұс* (қара+құс) – бүркіт, қарақұс, *көбкөк* (көп+көк) – көгі көп, көкпенбек, *атегері* (ат+ер) – аттың ер тоқымы, *бұлғархауыз* – саба, *пұчұққарысы* – жартысы. Бұл мысалдардың ішіндегі *саптұр, икітбет, күнтуғмыш, сарышағ, көбкөк, атегері* сөздері қазіргі қазақ тілімізде біріккен сөздер ретінде қолданылмайды. Сондай-ақ *бозқұс* деген арнайы құс атауы да қолданысымызда жоқ. Ал *пұчұққарысы* сөзіндегі *пұшық* мұрынға қатысты ғана айтылғанымен, жарты мағынасында жеке қолданылмайды. Ал тері мағынасындағы *былғары* сөзі мен араб тілінде құты мағынасын беретін *хауыз* сөзін біріктіріп *бұлғархауыз* лексемасы арқылы сабаны атаған.

ә) Кіріккен сөздер: *білезік* (білек+жүзік) – қазіргі тіл білімімізде бұл сөз кеңінен қолданылады. *Болдұлар* (олар+болды), *болсалар* (олар болса), *бүкүн* (бұл+күн), *иоқса* (жоқ+болса), *ічмеишман* (мен+

ішемін).

2) Қосарлау. Бұл тәсіл арқылы қос сөздер жасалады. Қыпшақ тілді ескерткіштерде қос сөздер өте аз деп айтуға болады: *келу келу* – келе келе, *чөп чөвре* – дөп-дөңгелек, *газабыға уа азабыға* – қиын-қиын, *түрлүк түрлүк* – түрлі-түрлі. Көбінесе және мағынасын беретін араб тілінің *уа* жалғаулығы арқылы да қос сөздер беріліп отырған: *иахшы уа иаман* – жақсы-жаман, *бір уа бір* – біреу-біреу.

3) Тіркестіру. Аналитикалық тәсілдің тіркестіру түрі арқылы жасалған күрделі сөздер екі дербес сөзден жасалады. Бірақ сыңарлары мағына дербестігін жоғалтып, біртұтас мағынаны білдіреді. Мысалы: *су жылан* – суда жүретін жылан, *суық торғай* – торғайдың бір түрі [1, 206].

Қыпшақ тілді ескерткіштерде тіркестіру тәсілімен жасалған сөздердің қатарына мыналарды жатқызуға болады: *падишалық тұрұрлар* – падша-

лық құру, *ахирет сары* – о дүние, *хақ рахме-тіге кетді* – өлді, *ұғлан очақы* – жанұясы, *дад гаділік* – адал, *баи ұрды* – табынды, *көше чарлаб* – қыдырып, *галыб қылды* – жеңді, *ағызыға бақтұрұб* – билеп, *ақ сақал* – қарт.

Ал аналитикалық тәсілдің **қысқарту** түрімен жасалған қысқарған сөздер ескерткіштер мәтінінде кездеспейді.

ӘДЕБИЕТ

1. Қазақ грамматикасы. Астана, 2002. 784-б.
2. Тоғанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. Фонетика, морфология. Алматы: Мектеп, 1981. 208-б.